ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 17 тамыз Іс №1513-23-00-2/1761 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Каманов» Ерлан Мизамгалиевич Каманов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Дабылов Ж.А.
жауапкер Е.М.Каманов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 11 сәуірде «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Каманов» Ерлан Мизамгалиевич Каманов (өнім беруші) арасында «бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №79 шарты жасалған.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес, Өнім беруші жалпы сомасы 44 000 теңгеге сұйықтықты салқындатқыш (антифриз) тауарын тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізуге міндеттелген.

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Талап қоюшы тарапынан өтінім 2023 жылғы 7 маусымда жолданып, жеткізу мерзімі 2023 жылғы 22 маусымға дейін қойылған.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер «Каманов» Ерлан Мизамгалиевич Камановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 1 021,20 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, шартты біржақты бұзғанын айтып, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап арызды мойындап, қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 21.08.2023

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Талап қоюшы тауарды жеткізу жөнінде өтінішін 2023 жылғы 7 маусымда жауапкерге жолдаған.

Тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шарты 2023 жылғы 31 шілдеде біржақты бұзылған.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапқалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 14 шілдеге дейін 23 күнге 44 400*0,1%23=1 021 теңге есептелген.

Алайда, тапсырыс берушімен жауапкерге тауарды жеткізу жөнінде өтініші 2023 жылғы 7 маусымда жолданып, жеткізу мерзімі 2023 жылғы 22 маусымға дейін қойылған.

Демек, тұрақсыздық айыппұл 2023 жылғы 23 маусымнан бастап 2023 жылғы 14 шілдесі қоса есептегенде 22 күнге 44 400*0,1%22=977 теңгені құрайды.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 21.08.2023

1513-23-3-1/2004

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына 977 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 29 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның талап кою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каманов» Ерлан Мизамгалиевич Каманов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каманов» Ерлан Мизамгалиевич Камановтан мемлекет пайдасына 977 (тоғыз жүз жетпіс жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каманов» Ерлан Мизамгалиевич Камановтан жергілікті бюджетке 1 754 (бір мың жеті жүз елу төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Анықтама

Сот шешімі заңды күшіне 25.09.2023 жылы енді

Көшірмесі дұрыс

Судья Р.Б.Кустанов